

Аға буын өкілдеріне
күрмет көрсетілді
2-бет



Табиғат сұлулығы
- азық болмайды
3-бет



Назар аударыңыз,
аукцион!
8-бет

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 79 (7865)
Сәрсенбі,
21 қазан 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

■ Ресми бөлім

ЖЫЛУ, ЖЕР, БИЗНЕС ЖӘНЕ МАЛ ТУРАЛЫ

14 қазанда өткен аудандық әкімдік отырысында қазіргі уақытта ең маңызды болып отырған мәселелер қаралды, оларды талқылау барысында нақты тапсырмалар беріліп, орындалу уақыты белгіленді.

«2015-2016 жылу беру маусымына ауданның тұрғын-үй, әкімшілік шаруашылық және әлеуметтік мәдени маңыздағы нысандарының даярлығы туралы» әкімдік мүшелері алдында тұрғын-үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С. Гаврилов баяндады.

Станислав Викторовичтің айтуынша, 1 қазандағы мәлімет бойынша ауданда 64 қазандық жұмыс істеп тұр. Олар, негізінен, күз-қыс жағдайында жұмыс істеуге әзір, орталық қазандықты өзгерту бойынша және ұзындығы 3,8 км болатын жылу жүйесін іске қосу жұмыстары аяқталуға жақын. Жылу беру маусымына 62 білім беру нысандары даярланды, бүкіл жылу беру маусымына жететіндей 550 тонна көмір қоры тасымалданды. Көппәтерлі 13 тұрғын үйдің 11-і жылу қабылдауға әзір, ол 85 пайызды құрайды.

108 километр су жүйесінің 3,5 километріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 33 су мұнарасы әзірленді. Аудандық мәдениет үйінен өзге 23 ауылдық клуб пен 18 кітапхана электр қуатымен жылытылады және күз-қыс маусымындағы жұмысқа даяр. Барлық 47 денсаулық сақтау нысандары қысқа даяр. Отын мәселесі шешілді. «Нарын-Сервис» ЖШС-нің жылумен қамтамасыз ету нысандарында қазандықтар күз-қыс маусымы жұмыстарына даяр, жылу беру маусымы басталды.

Үлкен Нарын, Майемер, Солдатово, Еңбек, Белқарағай, Барлық ауылдарындағы жалпы ұзындығы 3530 метр болатын су жүйелерінің

кейбір бөліктерін алмастыру жұмыстары жүзеге асырылды, Солдатово ауылындағы скважина жабдықталды. Өрел ауылындағы су құбырлары жүйесін өзгерту жұмыстары аяқталуға жақын.

Жылу беру маусымына қажетті отынның нормативтік шығыны 22092 тоннаны құрады, оның ішінде: бюджет саласының нысандары үшін – 592 тонна, жылу беретін қазандықтарға – 9500 тонна, тұрғындарға 12 мың тоннадан астам көмір қажет. «Нарын-Сервис» ЖШС-нің қазандықтарына қажетті көмір қорын құру мақсатында 6169 тонна таскөмір жеткізу үшін келісім-шарт жасалды, ол кесте бойынша жеткізілетін болады.

Тұрғындар үшін әр тоннасы 9600 теңгеден Хайрузовка айлағынан көмір тасымалдау жүзеге асырылуда және Зырян станциясынан көмірдің әр тоннасы 7250 теңгеден босатылуда. Катонқарағай ауылында таскөмір сату пункті жұмыс істейді, мұнда көмірдің бағасы шамамен өткен жылдағыдай – тоннасы 12 мың теңгеден.

Аудан әкімі Қалиқан Байғонұсов тиісті қызметтерге бір апта мерзім ішінде Өрел ауылында су жүйесі өзгертілген жерлерді ретке келтіруге, Еңбекте сумен қамтамасыз ету жүйесін іске қосуға, Жамбыл ауылындағы су шүмегін жөндеуге, Новополяковка ауылдық округіне қарасты герефорд тұқымдас мал ұсталатын Красная Поляна телімін сумен қамтамасыз ету жағдайын анықтауға тапсырма берді.

Катонқарағай МҰТП-ның бас директоры Ерлан Мұстафин ауылдық округтер әкімдерінің назарын қыс айлары басталғанға дейін бөлінген отындық ағаш қорын игеруге аударды. Желтоқсан айына дейін 900 текшеметр отындық ағашты тасымалдау қажет.

«Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бойынша

бес институтционалдық реформаларын жүзеге асыру аясында ауданда кәсіпкерлікті дамыту туралы» ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімі басшысының орынбасары Тұрсынхан Базарбаевтың баяндамасы тыңдалды.

Аудан әкімі Қалиқан Байғонұсов туризмді дамыту бойынша тұрғындарды кәсіпорындар құруға тарту тұрғысындағы бөлім жұмысын сынға алды.

-Халық арасында насихат және түсінік жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл адамдардың қиындықтан шығуына айтарлықтай ықпал етпек. Аудандық туристік-ақпараттық орталық тек статистика мен құр сөзбен шектелуде. Туризм бойынша бір де бір ұсыныс, бір де бір жоба жоқ. Бөлім өңдеу кәсіпорындарын құрумен де шұғылдандуы тиіс. «Жол картасы жұмыспен қамту» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген несие де алуға болады. Өрбір ауылдық округте мұндай мүмкіндіктер бар. Мысалы, агроколледжбен бірлесіп, Свинчатка ауылында көкөніс өңдеу жобасын жүзеге асыруға болады. Тығырықтан шығатын жол іздеңіздер! – деді Қ. Байғонұсов. Ол ауылдық округтер әкімдеріне қараша айына дейін бизнес жобалар әзірлеуді тапсырды.

«Жерлерді түгендеу бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындысы туралы» аудан әкімінің орынбасары Жанболат Тыныбеков баяндады.

«Ауылдық округтер бойынша ауылшаруашылық жануарларына бірдейлендіру жұмыстарын жүргізу және мәліметтер базасын жүргізу» бойынша «Катонқарағай ауданы ветеринарлық қызмет» КММ директоры Ерік Жидебаев ақпарат берді.

АІІБ бастығы Ермек Қоңырбаев «Ағымдағы жылдың тоғыз айындағы аудандағы жедел жағдайлар туралы» ақпарат берді.

Шамиль Багаутдинов.

МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

2015 жылдың 16 қазанында Катонқарағай аудандық мәслихатының кезекті отыз үшінші сессиясы болып өтті. Сессияға аудан әкімі Қ.Байғонұсов, аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, аудан аумағындағы мекемелер басшылары, ауылдық округтер әкімдері, аудандық «Арай»-«Луч» газетінің өкілі шақырылып, қатысты.

Сессияның күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз сөйлеген аудандық тұрғын-үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С.Гаврилов ауданның қыс маусымына дайындығы туралы толық ақпарат берді. Баяндамашының айтуы бойынша аудан мекемелері қысты қарсы алуға дайын.

-Аудан орталығына биылғы жылы жаңа қазандық орнатылып жатыр, - деді баяндамашы өз сөзінде. - Кездесетін кейбір қиындықтарға қарамастан, жылыту жүйесі жақсы жұмыс істейді деген сенімдеміз. «Нарын-Сервис» ЖШС жұмысшылары мен бөлімнің қызметкерлері тұрғын үйлерді аралап, қиындық келтіретін мәселелерді шешуде. Осы мәселе бойынша жарыссөзге шыққан депутат Е.Кешілбаев ауданда атқарылып жатқан жұмыстардың көп екендігін айта келе, орын алған кемшіліктерге тоқталды. Өсіресе, ауыз су мәселесіне нақты тоқталып, біраз сын-ескертпелер жасады. Аудан аумағындағы мемлекеттік маңызы бар жолдың

ауыр техникалардың кесірінен соңғы уақытта көп бұзылғанын айта келе, көктем уақыттарында жол бойына шектеулер қою туралы ұсыныс жасады.

Екінші мәселе бойынша сөз алған аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Қ.Сәдуақасов Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын Катонқарағай ауданында жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы баяндама жасады. Қ.Сәдуақасов өз сөзінде ауданда тілдерді дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға толық тоқталып өтті. Мемлекеттік қызметкерлерді қазақ тіліндегі білімдерін жетілдіруге арналған шараларды бірлесіп атқаруға шақырды. Жарыссөзге шыққан депутат Ж.Жаңабаев аудан көлемінде шешімі кешуілдеп жатқан біраз мәселелерді тілге тиек етті. Атауы өзгертілмеген мектептер мен көшелер, қате жазылған ауыл аттары, маңдайша атаулары депутат сынына ұшырады. Депутат Ж.Жаңабаев сөз соңында аудан мектептерінде ақындар, жыршы-жыраулар үйірмелерін ұйымдастыру, Интернет желісіне салынған аудан туралы бейнероликтерді қазақша шығару, аудандағы өзен-сулардың тарихи атауымен жазылған карта жасауға ықпал ету секілді ұсыныстар енгізді.

Үшінші мәселе бойынша аудан бюджетінің кіріс бөлігін арттыру жолдары туралы баяндама жасаған аудан әкімінің орынбасары Б.Рақышева

осы мәселе бойынша ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. Жарыссөзге шыққан депутат Г.Ағажаева аудан бюджетін арттыру бойынша біраз ұсыныстар жасады. Атап айтқанда, ауыл тұрғындарының құжатсыз иеленіп отырған жерлерін заңдастыру, аудан аумағында жұмыс жасап жүрген ірі құрылыс компанияларының филиалдарын ауданға тіркеу, сатушылардың тұтынушыларға міндетті түрде чек беруін жолға қою жұмыстарын жандандыруды ұсынды. Аудан әкімі Қ.Байғонұсов өз сөзінде депутаттардың ұсыныстарына ризашылығын білдіріп, жауапты тұлғаларға тапсырмалар берді.

Аудандық мәслихаттың депутаттық өкілеттіктер, әдеп және заңдылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Б.Тоқтағанов тұрақты комиссияның жұмысы туралы есеп берді. Аудан бюджетіне өзгеріс енгізу туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ж.Большманова айтып өтті.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелер бойынша мәслихат хатшысы Д.Бралинов сөйледі.

Күн тәртібіндегі мәселелерді саралап қарап, талқылаудың нәтижесінде тиісті шешімдер қабылданды. Сессия шешімімен кезекті XXXIV сессияның төрағасы болып №4 Балғын сайлау округінің депутаты Ж.Жаңабаев сайланды. Екі нормативтік құқықтық акті қабылданды.

Мәслихат аппараты.

БІЛІМ ОРДАСЫ БОЙ КӨТЕРДІ

Қазан айының сегізінші жұлдызы Глубокое ауданының тұрғындары үшін мерекелі шаттық пен берекелі қуаныш күні болды. Жылдан-жылға өсіп, көркейіп келе жатқан кентте Оралхан Бөкей атындағы жаңа, 600 орындық, қазақ мектебі қолданысқа берілді.



Мектептің алдына
қойылған жазушының
бюсті

Сәулеті мен келбеті келіскен жаңа білім ордасының ашылу салтанатына Катонқарағай ауданынан жазушының жерлестері барып қайтты. Олар- Катонқарағай аудандық мәслихатының хатшысы Д.Бралинов, «Нұр Отан» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Г.Ағажаева, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы О.Тұрысбаев, Шыңғыстай ауылының тұрғыны Оралхан Бөкейдің досы А.Нұқсарин, сол ауылдың мектеп мұғалімі Қ.Қанапина, туристік ақпараттық орталық маманы, осы мақаланың авторы, тарихи-өлкетану мұражайының директоры, О.Бөкей атындағы қордың төрағасы О.Қажаев, «Атамекен» шаруа қожалығының басшысы Т.Бәкімбаев, Белқарағай орта мектебінің директоры А.Ахмадиев, мәдениет және тұрғындар демалысы орталығының мамандары Н.Әлімбаева мен Б.Қожағұмарова. Сапар барысы жуырда ғана ашылған Уварово ауылындағы мектеппен танысудан басталды. Содан кейін, делегаттар Глубокоенің төріндегі Абай Құнанбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Жаңа мектептің ашылуын аудан тұрғындары көптен күткен еді. Себебі, мұның алдындағы мектеп бұрынғы балабақша ғимараты болғандықтан, шағын бөлмелерге оқушылар сыймай, екі, кейде тіпті үш ауысыммен оқитын.

Катонқарағайдың делегациясын бастап барған Д.Бралинов аудан әкімі Қ.Байғонұсовтың құттықтау хатын оқығаннан соң, мектепке арнайы сыйлықтар табыстады.

Мектептің ашылу салтанаты лента қиюмен шектелген жоқ. Қазақы салтпен әжелер шашу шашып, қариялар бата берді. Арнайы ат арытып келген қонақтар білім ордасының ауласына ағаш өскіндерін отырғызды. Ал оқушылар өз кезегінде олардың мәуелі ағаш болып өсуі үшін күтіп, баптайтынын айтты. Мектеп ішінен құрылған «Сұңқар» әскери-патриоттық оқушылар клубы қару-жарақ өнерін қалай меңгергенін көрсетсе, әдебиет сүйер оқушылар О.Бөкейдің шығармасынан сахналық көрініс қойды. Ал облыстық «Байжігіт» атындағы филармонияның қазақ ұлттық аспаптар оркестрі жиналған қауымға күмбірлете күй төгіп, аудандағы жезтаңдай әншілер асқақтата ән шырқады.

«Қандай жағдайда болсын, балаларды білім нәрімен сусындатқан мектеп ұжымының еңбегі орасан зор. Бүгінгі ашылып отырған мектепте саналы да еңбекқор, білімді де білікті ұрпақ тәрбиеленетініне шүбәм жоқ. Бұл мектептің оқытушылары тар ғимараттың ішінде отырып-ақ, талай атақты шәкірттерді түлетіп шығарған еді. Олардың арасында облыстық, республикалық, халықаралық додалардың жеңімпаздары да болған. Енді қазіргі заман талабына сай салынған мектепте еңбектеріңіздің тіптен жандана түсетініне сенемін. Ауданымызда биылғы жылы қолданысқа берілген мектеп жалғыз бұл ғана емес. Жуырда Уварово ауылында да осындай мектеп оқушылар

игілігіне берілген болатын. Жалпы, биылғы жылы «Элхон» ЖШС директоры Лұқбек Тумашиновтың жетекшілігімен салынған бірнеше әлеуметтік нысан өз жұмысын бастап кетті. Қуанышымызды бөліскелі алыс-жақыннан келген қонақтарға алғыс айтамыз, - деді Глубокое ауданы мәслихатының хатшысы Ә.Баймұлдинов.

Мектеп құрылысын 2013 жылы «Элхон» ЖШС директоры Лұқбек Тумашинов қолға алған еді. Араға бір жыл салып, кең сарайдай ғимарат қолданысқа берілді. Аталмыш мектептің директоры С.Досқалиеваға Л.Тумашинов ғимараттың кілтін тапсырған соң, жиналғандар мектептің ішімен танысты. Кіреберіске «Мұзтаудың кербұғысы – Оралхан Бөкей» атты, одан кейін «Бейбіт күннің батыры - Құрмет Ахметов», «Мәңгілік Ел», «Ұстаздар падишасы - Қанипа Бітібаева» сияқты көрмелерді оқушылар қонақтарға таныстырып, әңгімелеп берді.

пен шұғылдануына барлық жағдай жасалған. Атап айтқанда, арнайы биология мен химия кабинеттері зертханасы, лингафондық кабинеттер, интерактивті тақта, спорт зал, асхана, кітапхана, шеберхана - барлығы да жаңа жиһаздармен жабдықталып, мектеп көркін одан әрі ажарландыра түскендей.

Мектептің ашылу сән-салтанаты арнайы жасалған ақ дастархан басында жалғасты, ауыл тұрғындары, қонақтар тілек білдіріп, сый-сыяпат жасады.

Осы отырыста сөз сөйлегендер мектептің салынуы - Елбасымыздың сындарлы саясаты мен оны қостаған «Элхон» ЖШС директоры Л.Тумашиновтың атсалысуының арқасы екендігін тілге тиек етті.

Көп тілегі орындалып, облысымызда тағы бір қазақ мектебі бой көтерді. Білім нәрімен сусындаып, ана тіліміздің алтын дөнін себер орданың ашылуы кент өміріне үлкен серпін әкелері сөзсіз. Лайым егеменді елімізде мұндай



Ұлы Абайдың ескерткішіне гүл шоқтары қойылды

3,5 мың шаршы метр мектеп құрылысына 923 млн. 244 мың теңге қаржы жұмсалыпты. Қазіргі заман талабына сай жабдықталған мектепте оқушылардың білім алып, спорт-

жақсылықтар көп болғай!

Жанар ЖОЛАУШИНОВА.
Суреттер автордікі.

Индустриялық-инновациялық даму баздарпамасы

ЕЛІМІЗДЕ ЖОҚ ӨНІМ ӨСКЕМЕНДЕ ӨНДІРІЛЕДІ

«Өскемен технологиялық жабдықтар зауыты» ЖШС индустрияландыру картасының ең сәтті инновациялық жобаларының бірі. Өндіріске былтыр ғана енгізілгеніне қарамастан зауыт жұмысы қарқын алып келеді. Қазақстан мен ТМД елдерінде бірегей болып саналатын зауыт жылына алты мың тонна арнайы құрылғы шығаруға қауқарлы.

Зауыт 2014 жылы Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ өңірге жасаған жұмыс сапары кезінде салтанатты түрде ашылған болатын. Заманауи еуропалық технологиялармен жабдықталған бірегей өндіріс ошағын Мемлекет басшысы жоғары бағалап, еліміздің индустриялық әлеуетіне зор үлес қосатындығына сенім білдірген. Еліміздегі жылу-электр орталықтарында, металлургия, құрылыс саласы, басқа да бірқатар өндірістерімізді шаң-тозаң мен газды тазартуда қолданылып келе жатқан электрлі сүзгілер осы

уақытқа дейін негізінен Ресейден сатып алынып отырған болатын.

Бүгінде бұл өнім өзімізде өндіріледі. Зауытта өндірістік газдарды тазарту мен ауаға химиялық заттардың шығарылуына тосқауыл қоятын электр сүзгілері өндіріледі.

Біз кәсіпорындарға өзіміз жасап шығарған құрылғыларды да, шетелдік газды тазарту жабдықтарын да орнатамыз. Негізгі тұтынушыларымыз жылу энергетикалық кешендерінің кәсіпорындары мен қазандықтар, құрылыс және металлургия өндірістері, – дейді кәсіпорын басшысы Дамир Дүкенов.

«Өскемен технологиялық жабдықтар зауыты» ЖШС заманауи экологиялық талаптарға сай тазарту құрылғыларын жаңадан жасап шығаруға да, ескісін қайта жаңғыртуға да қауқарлы. Мұндағы құрылғылар сапалы әрі тұтынушының тапсырысына сай өнім шығарады. Кәсіпорынның өндірістік базасы металл өңдеуге

арналған көпфункционалы станоктарымен, электрсүзгілерінің механикалық құрылғыларын өндіруге арналған бірегей технологиялық жабдықтармен жабдықталған.

Кәсіпорын 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында қанатын кеңге жайып келеді. Дамир Дүкеновтің айтуынша, зауыт бүгінде алты мың тонна арнайы тазарту құрылғыларын шығарып отыр, келешекте оны жылына он мың тоннаға жеткізу жоспарланған.

Кәсіпорын өнімдерін еліміздегі кәсіпорындар ғана емес, көрші елдер де тұтынып отыр. Зауыт мамандары Семейде салынып, қайта жарақтандырылып жатқан №1 ЖЭО мен осы қаладағы жылу қазандықтары үшін электрлі сүзгілер жабдықтарын құрастырып, шығарған. Салмағы 200 тоннадан асатын технологиялық сүзгілерді жинастырып, өндіруге екі айдан

артық уақыт кететін көрінеді. Электр сүзгілері тозаңды 95-98 пайыз көлемінде ұстап қала алады. Аталмыш сүзгілер биылғы жылыту маусымында іске қосылмақ.

– Кез келген өндіріс орнының табысының 50 пайызы адамдарға, маман кадрларына байланысты. Зауытта түрлі технологиялық шешімдер мен конструкторларды құрастырумен жұмыс істей алатын кәсіби мамандар көп. Қазір мұндай сала мамандары тапшы. Сондықтан біз өз ісінің шеберлерін жоғары бағалаймыз, оларға тиісті жағдай жасаймыз. Мұнда жас мамандар да, аға буын өкілдері де бар. Олардың бір-бірлерінен үйренерлері көп, – дейді Дамир Мұратбекұлы.

Бүгінде кәсіпорында 130 адам еңбек етіп, тұрақты табыс тауып отыр. Ұжымның негізгі ұстанымы – сапалы әрі шығынсыз жұмыс істеу.

Лаура Тілеубайқызы.

Ядролық медицина орталығы ашылды

29 тамыз – Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні аясында өткен шараларға қатысқан жапондық делегация Семей қаласындағы аймақтық онкологиялық диспансер жұмысымен де танысты. Жапондықтармен қатар Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдерінің онкологиялық орталықтарының жетекшілері де қазақстандық онкологтардың тәжірибесімен бөлісті.

Аймақтық онкологиялық орталықтың директоры Марат Сандыбаев әріптестеріне Қазақстанда жыл сайын 30 мыңға тарта онкологиялық жағдай кездесетінін, оның 14 пайызы Шығыс Қазақстан облысының үлесіне тиегінін айтты. Жалпы елімізде онкологиялық қызметтің дамуы Денсаулық сақтау министрлігінің арнайы бағдарлама жасап, қабылдағанынан кейін жақсарғанын атап айтқан жөн. Осынау бағдарлама аясында Семейдегі аймақтық онкологиялық диспансер медициналық заманауи құрал-жабдықтармен жарақталды. Бұған шетелдік қонақтардың өздері де көз жеткізіп, куә болды. Диспансерде бір емес, екі бірдей магниттік-резонанстық томограф, компьютерлік томографтар, маммографтар, УЗИ-аппараттары орнатылыпты. Сонымен қатар, рес публика бойынша үш иммуногистохимиялық зерттеулер бойынша референт-орталықтың бірі де осында. Сондай-ақ, жақын болашақта Семейде Қазақстандағы тұңғыш Ядролық медицина орталығы ашылады деп күтілуде.

20 жыл бойы Семей қаласының тұрғындарына көмек қолын созып, бүгінде «Семей қаласының Құрметті азаматы» атағына ие болған Нагасаки университетінің профессоры Тониши Ямашито Қазақстандағы онкология саласындағы осынау өзгерістерді көріп, қатты таңғалды. Ол Семей қаласына 1995 жылы бірінші рет келген көрінеді. Ол кездегі жағдайды қазіргімен салыстыруға мүлдем келмейді. Семейдің онкологтары ол кезде өткен ғасырдың 60-70-ші жылдары шыққан құралдарды пайдаланатын. Ал рак ауруларын ерте анықтап, диагностикалау тіпті төмен деңгейде болатын. Кейіннен Ямашито бесжылдық біріккен JACA жобасын басқарды. Осы жоба шеңберінде жапондық тарап семейлік

дәрігерлердің өз елінің ең озық клиникалары мен медициналық орталықтарында тәжірибеден өтуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар қаланың медициналық мекемелеріне, оның ішінде онкологиялық диспансерге жаңа медициналық құрал-жабдықтарды тегін тарту етті. Ол құрал-жабдықтардың әлі күнге дейін ақаусыз жұмыс істеп тұрғанын да айта кету керек. Сондай-ақ, осы күні Қазақстанның денсаулық сақтау тарихында тұңғыш рет екі тараптың дәрігерлері, «Республикалық медициналық палата» АҚ Шығыс Қазақстан облысы филиалы директорының орынбасары Руслан Еңсебаев пен Нагасаки дәрігерлері бірлестігінің төрағасы Ясуши Макимото арнайы меморандумға қол қойды. Руслан Еңсебаевтың айтуынша, аймақтық деңгейде мұндай құжатқа қол қою Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау саласын дамытуға зор мүмкіндік бермек. Ең алдымен бұл құжат біздің облыс пен Нагасаки дәрігерлерінің өзара тәжірибе алмасуына жол ашпақ. Енді біздің ақ халаттылар Нагасакидің үздік медициналық орталықтарында білімі мен білігін жетілдіре алады.

Сондай-ақ, меморандумда медицина саласында бірлескен жаңа ғылыми жобалар жасау, медицина тақырыбына арналған семинарлар мен симпозиумдар, конференциялар өткізу мүмкіндігі де қарастырылыпты.

Сапатматты Қазақстан - кедергісіз келешек

– Міндетті медициналық сақтандыру және медициналық мекемелердің автономды қызметі бойынша Жапонияның бай тәжірибесі бар.

Қазақстан бұл бағыттағы тәжірибелерді отандық денсаулық сақтау саласына енгізу бойынша жұмыстарды енді қолға алып жатыр, – дейді «Республикалық медициналық палата» АҚ директоры Мақсұт Құлжанов. – Жапондық әріптестер бұл бағыттағы тәжірибелерін бізбен бөліседі деп ойлаймыз.

– Біздің ябакусилерге (Хиросима мен Нагасакидегі ядролық жарылыс құрбандары) медициналық көмек көрсету туралы қауымдастық семейлік дәрігерлердің жұмысы туралы алғаш рет 1995 жылы профессор Ямашито болғаннан

кейін бірақ естіді.

Содан бері біз қазақстандық әріптестермен ұзақмерзімді достық байланыстамыз. Осынау ынтымақтастық аймақтық деңгейден мемлекеттік деңгейге шығуы үшін біз барлық жағынан қолдау көрсетуге әзірміз, – дейді Ясуши Макимото.

Тағы бір жаңалық – Семейдегі мемлекеттік медициналық университетте жапон бөлмесінің ашылуы болды. Семей қаласының әкімі Ермак Сәлімов пен Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Камохара Масаеси жапон стилінде безендірілген алғашқы оқу бөлмесінің тұсауын кесті. Мәртебелі меймандарға университет ректоры Төлебай Рахыпбеков медициналық жоғары оқу орнының Жапониямен тығыз қарым-қатынас орнатқанын жеткізді. Соңғы 20 жылда бірнеше ірі халықаралық жобалар іске асырылып, дәрігерлер мен студенттер, магистранттар мен докторанттар Нагасаки мен Шимандағы университеттерде тәжірибеден өтті.

– Университетте жапон тілінен сабақтар өткізіледі. Оған барлық ниет білдірушілер қатыса алады, – деді ректор. – 24 жылдың ішінде Хиросимодағы қыздарға арналған жекеменшік мектепте 23 жас семейлік жапон тілі бойынша тегін білім алды. Қазіргі күні олар жапон тілінің негіздерін семейліктерге оқып-үйретуде. Бұл арада жапон стиліндегі бөлменің кәдімгі оқу аудиториясы екенін айта кеткен жөн. Мұнда фармакологиялық факультеттің студенттері ағылшын тілін оқумен қатар, жапон халқының мәдениеті мен салт-дәстүрімен де терең танысып, тілін де оқып-үйрене алады.

Жапон бөлмесіне қарамақарсы бөлмеде бұл күні Ата Заңымыздың 20 жылдығына арналып «Астана» атты тағы бір оқу аудиториясы ашылды. Бұл бөлмені ел астанасының шағын музейі десе де болғандай. Мұнда Астана туралы кітаптар мен суреттер қойылған. Университет ректоры Т.Рахыпбеков алдағы уақытта бірі үнді стилінде, ал тағы бірі Қазақстан халқы Ассамблеясына арналған тағы да екі аудиторияның ашылатынын айтты.

Шығыс-Ақпарат.

Ақпараттық топ

КЕРУЕН ЖАСТАРДЫҢ РУХЫН КӨТЕРДІ

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында облыстық ақпараттық-насихат тобы Риддер қаласында, Зырян, Катонқарағай, Көкпекті аудандарында болып, жұртшылықпен кездесулер өткізді. Бұл жолғы топтың бір ерекшелігі өңірге белгілі өнерпаздардан жасақталған «Рухани керуен-мен» сапарға шықты.

Алғашқы сапарын кеншілер қаласынан бастаған керуен өкілдері ол жерде Батыс-Алтай қорығы, «Нива» наубайханасы, суарнасы, «ШҚ АЭК» кәсіпорындарының еңбек ұжымдарымен және қалалық ішкі істер бөлімі қызметкерлерімен жиыны сегіз кездесу өткізді. Ашық сұхбат түрінде өрбіген жиындар барысында қатысушылар өздерін толғандырған діни ұйымдардың іс-әрекеттеріне қатысты көкейтесті сұрақтарын қойып, облыстық дін істері басқармасы дін мәселелерін зерттеу орталығының мамандарынан тұщымды, әрі толық жауаптар алды. Сонымен қатар, ақпарат тық топтың мүшелері жергілікті жерде жұмыс істеп жатқан діни ұйымдардың жетекшілерімен кездесу ұйымдастырып, дін саласындағы заңнаманы ұстану және қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік жауапкершіліктері туралы мәселелерді талқылады. Топтың жұмысы «Рухани керуен» құрамындағы ақын-термешілердің, әншілердің тамаша кешімен аяқталды. Бұл кешке 700-ге тарта адам қатысты.

Осыдан соң Риддер қаласынан шыққан «Рухани керуен» көші Зырян ауданын бетке алды. Мұнда мамандар №2 мектеп-интернаттың, көлік және құрылыс колледжінің оқушылары және педагогтарымен, дінтану пәні мұғалімдерімен, аудандық ішкі істер бөлімінің учаскелік инспекторларымен келелі кездесулер өткізді. Ал Серебрянка мен Жаңа Бұқтырма елді мекендерінің тұрғындары «Рухани керуен» өнерпаздарының өнерлерін тамашалады.

Облыстық дін істері басқармасы дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры И.Беркімбаева, ақпараттық түсіндіру бөлімінің маманы Г.Рыспаева, осы орталықтың теологы А.Томантаев бастаған ақпараттық-насихат тобы ат басын бұрған келесі аудан Катонқарағай болды. Бұл өңірде мамандар Үлкен Нарын, Катонқарағай, Топқайың, Жамбыл ауылдарында, Өрелдегі № 2535 әскери бөлімде, аудан орталығындағы агротехникалық колледжде кездесулер ұйымдастырды. Бұл жиындарға ауыл тұрғындары, оның ішінде жастар, мектеп мұғалімдері, сырттан көшіп келген қандастарымыз, жұмыссыздар, мемлекеттік қызметкерлер қатысты. Жұмыс барысында топ мүшелері аудандық әкімдіктің бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері, аудандық дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-насихат топтарының мүшелері қатысқан актив жиынын өткізіп, сондай-ақ, жергілікті ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен кездесті. Бұл басқосулар барлығы 500-ден астам адамды қамтыды.

«Рухани керуенді» Көкпекті ауданында «НұрОтан» партиясы филиалының өкілдері, ішкі саясат басқармасының қызметкерлері қарсы алды. Самар мәдениет үйінің алдында әр ұлттың киімін киген өнерпаздар керуен мүшелеріне әннен шашу шашып, қошемет көрсетті. Керуеншілерге «НұрОтан» партиясы аудандық филиалы төрағасының орынбасары Г.Ақшабаева сөз арнап, қонақтардың жұмысына сәттілік тіледі. Ең алдымен сөз алған И.Беркімбаева керуеннің аудандарды аралап жүргендегі мақсатына тоқталды. – Бұл керуен тұрғындар арасында дін мәселелерін, рухани құндылықтарды ақпараттық-насихаттық түрде насихаттаудың инновациялық жобасы болып табылады. Басты мақсаты Қазақстан халықтарының дәстүрін, дінін, патриоттықты ұлттық өнер, шығармалар арқылы насихаттау, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жетілдіру болып табылады, – деді ол.

Бұдан соң Арман қари сөз тізгінін алып, жастарға ата-ананы сыйлау, құрметтеу жайында уағыз айтты. Құран Кәрімнің аяттары мен сүрелеріндегі ата-ананы сыйлауға қатысты айтылған тұстарына баса назар аударды. Елімізде конфессияаралық татулықты нығайтуға үлес қосып жүрген тағы бір адам Сергей әкей. Оның да жиналған қауым алдындағы әңгімесі еліміздегі бүгінгі ынтымақты нығайту, дінаралық келісімді одан әрі жетілдіру және діни экстремизмнен сақтану тақырыбын әрі қарай жалғастырудан құралды.

Ел ынтымағын жарастыруда ақын сөзі қашанда биік тұрады. Бүгінгі рухани керуеннің сөзінің шырайын келтірген ақындар Н. Матвеева мен Г. Пуссеп болды. Облыстық «Звено Алтая» әдеби бірлестігінің төрайымы Наталья Семеновна бірнеше өлеңдер жинағының авторы, қоғамдық белсенді адам. Ол өз сөзінде рухани байлық туралы айта келіп, бірнеше өлеңдерін оқып берді. Ақын, прозашы, ұстаз, Қазақстан журналистер одағының мүшесі Геннадий Пуссеп те шығармашылық жұмысымен қатар, қоғамдық істен тыс қалмайды. Сөзін әріден бастаған ол Ақ Ертістің бойында тұратын шығыстықтардың қонақжайлылығы, кеңпейілділігі де шалқыған Ертіс суындай, шырайлы атқан күндейт ашық екенін жеткізді. Патриоттық рухты оятатын сөздері мен өзінің шығармашылығынан оқыған үзінділері жастар бойында жігер бергені рас. Ол белгілі ақын Б.Щербаковтың туған жер, оның табиғаты туралы жазған өлеңдерінен де үзінді оқыды.

Рухани керуеннің көркін ән мен жыр, би одан әрі әрлендіре түсті. Көпшілік алдында Самар мәдениет үйінің әншісі Т.Нечаева ән шырқап, «Самарчанка», «Тұмарым» топтары би биледі.

Серік Әбілхан,
Клара Нұрпейісова.

Құқықбұзушылықтың алдын алу**ҰРЫЛАР АҚШАНЫҢ
20 ПАЙЫЗЫН ЖҰМСАП
ҮЛГЕРІПТІ**

Шығысқазақстандық құқыққорғау органдарының қызметкерлері глюкоздық шаруа қожалығы басшысының үйінен 93 миллион теңгеден астам қаражат ұрлаған екі қылмыскерді қолға түсірді.

Полиция қызметкерлерінің жедел іздестіру іс-шаралары нәтижесінде ұрылар қылмыс жасалғаннан кейінгі төрт күн ішінде темір торға тоғытылды.

Облыстық ішкі істер департаменті криминалды полиция басқармасы бастығының орынбасары Айболат Әлімхановтың айтуынша, қазір тонаушылар уақытша ұстау изоляторына қамалды. Оларға қатысты тергеу амалдары жүргізіліп, қылмыстық іс қозғалды.

– Тамыз айының соңғы күндерінің бірінде Глубокое ауданының Верхнеберезовка кентіндегі шаруа қожалығы басшысының үйіне тапа-тал түсте 25 және 30 жастағы екі азамат кіріп, құнды заттарды, ірі мөлшердегі ақшаны, сондай-ақ, алтын, гауһар тастармен көмкерілген әшекей бұйымдарын қолды еткен. Ұрланған дүниенің жалпы сомасы 93 миллион теңгеге бағаланды. Ең қызығы, өз баспаналарында осыншама қаржыны сақтап келген үй иелері сақтық шараларын мүлдем ұмыт қалдырған. Үйде не қорғаныс жүйесі, не күзетші ит болмапты, – дейді Айболат Әлімханов.

Осылайша, үй иелері жұмыста болғанда баспаналарына қожайындық еткен бауқеспелер біраз дүниені жымқырып әкеткен. Бұл ұрылардың біреуі Өскемен қаласының, екіншісі Шемонайха ауданының тумалары екені анықталып отыр. Тәртіп сақшыларының айтуынша, Верхнеберезовкада осындай «кірісі» көп үйдің бар екенін ауылдықтардың бәрі білген. Бұл кісілер жайында ұрылар да хабардар болған.

«Ауызы күйген үрлеп ішеді» демекші, аталмыш азаматтар өмірден ешқандай сабақ алмағанға ұқсайды. Себебі, екеуі де бұрындары сотталып, түзеу мекемелерінде жазаларын өтеп келген.

– Ұсталғандардың біреуі түрмеден екі ай бұрын ғана босап шықса, екіншісінің бостандықта жүргеніне бір жылдың жүзі болған. Енді осы әрекеттері үшін олар қайтадан келген жерлеріне жөнелтілмек. Соттан кейін аталған тұлғалар бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін, – дейді криминалды полиция басқармасы бастығының орынбасары. Белгілі болғандай, қылмыскерлер ұрланған ақшаның біраз бөлігін өз қажеттеріне жұмсап жіберіпті. Атап айтқанда, олар ұялы телефон, планшет сияқты қымбат дүниелер алып, біреудің қаржысын оңды-солды шашқан. Тіпті, ұрының бірі таныс келіншекке бір жарым миллион Ресей рублін сыйға тартып, асқан жомарттық танытқан. Бұлаздай, ішімдікке сылқия тойған екі жігіт өздерін қажетті жерлеріне жеткізіп салған такси көлігінде 105 мың еуро мен 40 мың АҚШ доллары көлеміндегі қаражатты ұмытып кеткен. Осы ретте такси жүргізушісінің бұл ақшаны қолды етпей, өз қолымен полицияға әкеліп тапсырғанын да айта кеткен жөн.

– Қылмыскерлерді іздестіру іс-шарасына төрт кезекші бригаданы жұмылдырдық. Біздің облыста мұндай қылмыс бірінші рет орын алып отырған жоқ. Мәселен, осыдан біраз уақыт бұрын Шығыс Қазақстанда бірнеше пәтерді тонаған Екібастұз қаласының екі тұрғыны құрықталды. Олардың қолдыеткен мүлкі шамамен үш жарым миллион теңгеге бағаланды, – деген Айболат Әлімханов биыл пәтер тонау деректері өткен жылдардағымен салыстырғанда айтарлықтай азайғанын айтып, бұл негізінен құқық қорғау органдары тарапынан жүргізілген профилактикалық іс-шаралардың арқасында мүмкін болып отырғанын алға тартты.

Тағы бір айта кетер жайт, қылмыскерлер полицейлердің қолына түспей тұрып ұрланған ақшаның 20 пайызын жұмсап жіберген. Айболат Әлімхановтың айтуынша, енді жәбірленуші жақ талап етсе, ұрылар бұл ақшаны өз есептерінен қайтарып беруге міндетті болады.

Естеріңізге салайық, осынау қылмыстық әрекет нәтижесінде глюкоздық кәсіпкердің үйінен 155 мың еуро, 150 мың АҚШ доллары, 3 миллион Ресей рублі, сонымен қатар, шамамен жарты миллион теңгенің алтын бұйымдары жоғалған.

Нұржан Кенжеұлы.

100 нақты қадам**АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ - БАСТЫ МІНДЕТ**

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 22 қадамында Елбасымыз адамның және азаматтардың конституциялық құқын шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беруді қамтамасыз ету арқылы сотта айыптаушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуді тапсырды.

Бұл қадамды жүзеге асыру азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауда маңызды екендігі сөзсіз, себебі, тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына беру, өздеріне қатысты тергеу амалдары жүргізіліп жатқан азаматтардың және олардың қорғаушыларының өз құқықтарын бейтарап сотқа жүгіну арқылы қорғауына мүмкіндік жасайды.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енген Қылмыстық процестік кодекстің 54 бабының 3 бөлігінде тергеу судьясының түсінігі берілген. Оған сәйкес, тергеу судьясы – бірінші сатыдағы соттың судьясы, оның өкілеттігіне қылмыстық сот ісін жүргізуде адамдар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына сот бақылауын жүзеге асыру жатады.

Тергеу судьясы институты қазіргі таңда өзінің өміршеңдігін және маңыздылығын дәлелдеді. Мәселен, қылмыс жасады деген күдік бар сезіктіні күзетпен ұстауды санкциялау, яғни тергеу изоляторына қамау мәселесін қарастыру тек тергеу судьясының құзыретінде. Өз кезегінде адамды күзетпен ұстауға санкциялау сұрағы міндетті түрде сезікті деп танылған тұлға мен оның қорғаушысының қатысуымен сот отырысында қаралады және осы сот отырысында олардың өз дәлелдемелерін ұсынуына толық мүмкіндік жасалған.

Қылмыстық процестік кодекстің 55 бабына сәйкес, бүгінгі күні тергеу судьясы 12 тергеу амалдарына санкция беруді, сонымен қатар, тергеу амалдарын жүргізу барысында туындайтын сегіз процессуалдық әрекеттер мен сұрақтарды қарайды.

Алайда, қылмыстық сот ісін жүргізу процесіне тартылған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселесіне келетін болсақ, тергеу судьясына берілген бұл өкілеттіктердің өзі де жеткіліксіз болып табылады.

Өйткені, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу, тінту және алуды жүргізу, үй-жайларды қарап тексеру сияқты тергеу амалдарын санкциялау мәселесі тергеу судьясының құзыретіне берілмеген.

Демократиялық қоғамда адам, оның өмірі мен құқықтары ең басты құндылық болып табылады.

Ал қылмыстық сот ісін жүргізу процесіне тартылған әрбір азамат өз құқығын жеке өзі немесе білікті заң көмегін көрсететін қорғаушыны қатыстыру арқылы қорғауға құқылы. Өз кезегінде қорғаушы өзінің жұмысын тиісті дәрежеде әрі сапалы жүзеге асыруы үшін оған тиісті құқықтық негіздеме әрі айыптаушы тараппен процессуалдық тең дәрежеде жұмыс атқаратын орта қалыптастыру қажет. Мәселен, қазіргі Қылмыстық процестік кодекстің ережелеріне сәйкес, прокуратура органдары көптеген тергеу амалдарына санкция береді әрі тергеу органынан келіп түскен қылмыстық іске заңдылық тұрғысынан тексеру жүргізіп, оны ары қарай сотқа жолдайды. Бұған қоса, осы қылмыстық істі сотқа жолдаған прокуратура органының қызметкері соттың қылмыстық істі қарау барысында айыптауды қолдайтын тұлға ретінде қатысады. Демек, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 22 қадамында ұсынылған азаматтардың конституциялық құқын шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беруді қамтамасыз ету қорғаушы тарапты санкция беретін прокурордың, яғни айыптаушының әрекеттерінен тәуелсіз етуді көздейді.

Бұл қадам заң тұрғысынан өте дұрыс, себебі, айыптауды қолдайтын органның тергеу амалдарына санкция беруі және іс бойынша дәлелдемелерді қалыптастырудағы үстемдігі айыптаушы және қорғаушы тараптың теңгерімін қамтамасыз ете алмайды.

Ал тергеу судьясы бейтарап тұлға бола отырып, қылмыстық сот ісін жүргізу барысында тараптардың өз құқықтарын тең дәрежеде қолдануына толық мүмкіндік жасайды. Әрине, барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына беру біртіндеп, сатылы түрде жүзеге асырылуы тиіс және бұл процесс көптеген заңдарға өзгерістер енгізуді қажет етеді.

Ең бастысы, бұл өзекті мәселенің «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын-жүзеге асырылуының басты кепілі деп білеміз. Ал адамның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына толық мүмкіндік жасау, барлық мемлекеттік органдар үшін басты міндет екендігі сөзсіз.

**Серік Жансейітұлы,
Күршім ауданының №2
аудандық сотының төрағасы**

Үкіметтік емес құым**БЕЛСЕНДІЛЕР СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
СТРАТЕГИЯНЫ ТҮСІНДІРДІ**

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын түсіндіру мақсатында ақпараттық-насихаттық топ Көкпекті ауданында болып қайтты.

Кездесуге ауданның азаматтық мемлекеттік қызметшілері, құқыққорғау құрылымдарының мамандары жиналды.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту орталығының директоры Н.Сафонова әлемдегі сыбайлас жемқорлыққа қатысты ахуал жайында, халықаралық тәжірибе мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің заманауи кезеңдегі нәтижелері туралы әңгімелеп берді.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттанды-

ру және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасау бөлімінің кеңесшісі Асқар Арыстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларда қарастырылмақ өзгерістерге тоқталып, жиналғандарды өз ұсыныстарын ортаға салуға шақырды.

Іс-шаралар соңында сыбайлас жемқорлықтың жағдайы туралы сауалнама өткізіліп, жадынамалар таратылды.

Басқосуды «Шығыс Қазақстанның жастар ақпараттық-сараптамалық агенттігі» қоғамдық бірлестігі «Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру бойынша кешенді іс-шараларды ұйымдастыру» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында ұйымдастырғанын айта кеткен жөн.

Айна Ескенқызы.

КӨКӨНІС ӨСІРІП, КӨЛ-КӨСІР ПАЙДА ТАУЫП ОТЫР

Егемендік алған жылдары Оңтүстік Қазақстанда тұратын тәжіктер әлеуметтік жағдайдың ауырлығынан Семей мен Өскемен аймағына келе бастады. Көбі көкөніс саудасымен айналысып, базар жағалады. Біразы өз істерін ашып, жылыжай бизнесімен айналысты. Бородулиха ауданындағы Новопокровка ауылының тұрғыны Муродали Бобоев дәл сондай жан.

Муродалидің өз қолымен әйелі екеуі он сотық жерге асбұршақ, пияз, аскөк, салат, ақжелек, шалғам, кинза және қияр отырғызып, 20 тонна өнім жиып, әрі бағаны аспандатпай 50-60 теңгеден сатып отырғанын басылымдар жарыса жазуда. Ауыл әкімі Талғат Мақсатұлының Муродали жайында пікірі оң. «Жұмыс табудың орнына әке-шешесінің мойнына мініп отырған жастарға үнемі үлгі етемін. Бүгін «Отбасы күні» мерекесін өткізіп жатырмыз. Соған арнайы шақырылған екі жанұяның бірі – Муродали Бобоевтың отбасы» дейді ол. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Ынтымақ ауылының тумасы Муродали Бобоев қосағы Муаззама және екі баласымен 2009 жылы Семейде пәтер жалдап, көкөніс сатумен айналысты.

– Біраз қаржы жинаған соң, көптен ойымда жүрген бизнес идеямды жүзеге асыру үшін жайлы жер іздестірдім. Муаззама екеуміздің тоқтамымыз

Семейге жақын Новопокровка ауылына түсті. Үйді ауыл шетінен іздедік. Ең қымбат үйді саудаласып, құнын біраз түсіріп сатып алдық. Жұрт «тәжік» десе, көкөніс сатушыны немесе ресейлік «Наша Раша» телехабарындағы Джамшуд пен Равшанды елестетеді.

Біздің ұлт тек жер еміп отырған жоқ, заманауи техника тілін де меңгеруде. Тәжік егіншісі аспаннан жауын дәмеппей, суармалы егіншілікті кәсіп еткен, – дейді Муродали.

Тамшылатып суару әдісін қолданып, су үнемдеуді оңтүстік өңірлер диқандық өмір салтына енгізді. Осыны Бородулиха жеріне әкеліп, қалай өнім беретінін дәлелдеген Муродали Хабибұлы болды. Қазір жақын және алыс ауылдардағы қандастарымыз оған арнайы келіп, ақыл-кеңес алып жүр. Суды арнайы қауызға жинап, тамшылатқан кезде әр көкөніс түбі құнара 1 литр су тұтынады. Қазір тұқымның бәрін тапсырыспен Оңтүстік Қазақстандағы голланд фирмаларынан алып, шыққан өнімді Бородулиха мен Семейдің тұтынушыларына ұсынып отыр. Дүкен иелері өздері келіп, көтерме бағамен алып кетуде. Ауыл әкімі Талғат Мақсатұлы ауылдағы 19 дүкенге көкөністерін қойғызып, жұрт алып жатыр. Көрші өңірлерден келіп алатын тұрғындар да бар. Бір сөзбен айтқанда, Муродалидің өнімі сұраусыз қалып жатқан жоқ.

– Осының бәрі қалай басталып еді?! Үй сатып ала салысымен жұбайым екеуміз болашақ жылыжайдың қаңқасын қалқайттық. Оның сыртын түрік фирмалары шығаратын полиэтилен жабындымен қымтадық. Өйткені, ол Қытай, Ресей өніміне қарағанда күн мен қысқа шыдамды. Жылыжайды салып біткен соң күн суытқан кезде пайдаланылатын жылуға ауыл әкімі көмектесіп, 3 миллион теңгенің несиесін алып берді.

Біз өз тарапымыздан тамшылатып суарудың технологиялық желісін орнаттық. Өнімдерімізге адам ағзасына зиянды қоспаларды емес, табиғи тыңайтқышты қолданамыз. Іс көбейген соң, жақын туысым Орифжон Хусановты бірлесе кәсіп жасауға шақырдық. Ол қазір өзімізбен тізе қосып еңбек етіп жатыр. Ұл-қызымыз Саидбек пен Шахло мектепте қазақ тілінде білім алуда. Осы мектептің ұстаздарына алғысым зор! Қызым Шахло сабағын кілең беске оқып жүр, – дейді кәсіпкер жігіт. Муаззама келін дайындаған хомшурбодан дәм татып, 10 сотық жерін 40 сотыққа жеткізуді көздеген Муродалимен және Орифжонмен қимай қоштастық. Өз болашағын Қазақ елімен байланыстырған тәжік жігіттерінің алға қойған мақсаттарына жететіндеріне біз сендік. Ауылдастары да сеніп отыр.

**Серік Әбілқасымұлы,
Бородулиха ауданы.**

ЕЛ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ҚУАТЫН ЕСЕЛЕП ОТЫР

Кенді Алтайдың қойнауына қайласын ұстай келген ағылшын концессионерлері 1915 жылы Риддерде өздерінің істен шыққан кен өңдеу құралдарын жөндеп, жаңалап, қатарға қосатын алғашқы ұстаханаларын ашқан екен. Содан бері бір ғасыр өтті. Тарихы осы ұстахана-механикалық шеберханасынан бастау алатын аймағымыздағы ең байырғы кәсіпорын Риддердегі «Қазцинкмаш» ЖШС-не биылғы 2-қазанда 100 жыл толды. «Қазцинкмаш» ЖШС 100-ге толды.

Металлургия саласының көшбасшысы «Қазцинк» компаниясының еншілес кәсіпорны саналатын «Қазцинкмаштың» 100 жылдық мерейлі тойын кәсіпорын ұжымы ғана емес, кеншілер қаласының барша тұрғыны айрықша сәнсалтанатпен, көп-көсір қуанышпен атап өтті. Өйткені, қалалықтардың тең жартысына жуығының өмірі мен тағдыры осы кәсіпорынмен біте қайнасып, байланысып жатыр.

Риддердегі мәдениет үйіне жиналған кәсіпорын еңбеккерлерін, ардагерлерін, риддерліктерді «Қазцинкмаш» ЖШС директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Александр Анчугин құттықтап, дағдарысқа толы дүбірлі кезеңде жұмыс істеп, өндіріс көрсеткішін төмендетпеуге тырысып, тер төгіп жатқан үлкен ұжымға табыс пен төзімділік тіледі. Кәсіпорын қуанышын бөлісе келген «Қазцинк» ЖШС басшылары, Риддер қаласының әкімі Мұрат Жомартов, өзге де ресми қонақтармен бірге машина жасаушылардың алыс-жақыннан келген әріптестері мен серіктестері де той иелеріне ақ жарма тілектерін айтып, лебіздерін жеткізді. Мәскеу мен Новосібірден, Магнитогорскіден, шетелдік компаниялар кеңселерінен жолданған құттықтау хаттар оқылып, «Қазцинкмаш» ЖШС-нің ардагерлеріне құрмет, үздік еңбеккерлеріне ізет көрсетілді. «Қазцинкмаш» ЖШС директоры Александр Анчугин салтанатты кеш үстінде Қазақстан экономикасының негізгі саласы болып отырған металлургия, тау-кен, химия, машина жасау өндірістерінің құрал-жабдықтарын жасап, қайтадан жөндеп, отандық өнеркәсіп өнімдерінің саны мен сапасын арттырып, олардың қуатын еселетіп келе жатқан өз өндірістерінің ХХІ ғасыр талабы үдесінен шығуға лайық болуы үшін бастанаяқ қайта жарақтандырылып жатқандығын, сондықтан кәсіпорынның келешегі бүгінгіден де жарқын боларын нық сеніммен атап айтты.

Кеш Риддер қаласы көркемөнерпаздар ұжымының күшімен ұйымдастырылған мерекелік концертке ұласты.

Мұнда 36-дан астам еңбек әулеті бар

Тарихты жасайтын адамдар. Ал «Қазцинкмаш» ЖШС-де кәсіпорын құрылған күннен бастап осы жерде жұмыс істеп, терін төккен қаншама әулеттің ұрпағы еңбек етіп келеді.

Арғы атасы, әкесінің әкесі, өз әкесі, ағасы деп кете беретін бір әулеттің осы кәсіпорында еңбек еткен жылдарының жалпы жиыны 400 жылдан асып кететін әулеттердің саны 36-ға жетіп отыр.

Бухмейер-Анциферовтар, Анчугиндер, Александровтар, Барановичтер, Агаповтар, Бабушкиндер, Белогорцевтар, Бубеновтар деп кете беретін еңбек әулеттерінің ұрпағы қазір бірі дәнекерлеуші, оператор болып, бірі басшы, кәсіпорынның бетке ұстар беделді қызметкері болып өндірістің дамуына өз үлестерін қосуда. №1 механикалық жинақтау цехының басшысы Николай Гусляковтың әулетінің осы кәсіпорындағы еңбек өтілі 135 жылдан асқан.

– Мен «Қазцинкмаш» ЖШС-не 1976 жылы осындағы, бұрынғы Лениногор қаласындағы кәсіптік-техникалық училищені бітірген соң токарь болып орналастым.

Әскерге барып, БАМ құрылысына қатысып келген соң, қайтадан осы туған қаламдағы, өзімнің осы кәсіпорныма, бір кездегі Лениногор полиметалл комбинатының жөндеумеханикалық шеберханасына қайтып келдім. Содан бері осы ұжымда еңбек етіп келемін.

Әйелім, қызым, ұлым, немере бауырларым да осында еңбек етіп жатқанына қуанамын, – деген Николай Гусляков құйылып, өңделіп келіп жатқан зілдей темірлерді жиып-теріп, кеніш жабдықтарын: ұсақтау диірмендерінің тістері мен элеваторлар шөміштерінің бөлшектерін құрастырып жатқан механикалық жинақтау цехының өзіндік ерекшеліктерін бізге тәптіштеп түсіндіріп берді. Әрқайсысының сыйымдылығы 80 текше метр, бірнеше «Водовоздың» суымен әрең толатын суландыру бөшектері де осында жасалып жатыр. Олар кенді ашық тәсілмен өңдейтін кеніштер маңына су сеуіп, шаңның көтерілуін басуға арналыпты. Егер олардың бәрін осында жасап шығармай, қайтадан жөндеп, қалпына келтірмей шетелден сатып алғанда, металлургия, тау-кен саласының кәсіпорындары жыл сайын бірнеше жүз есе артық шығын шығарған болар еді. «Қазцинкмаш» ЖШС «Қазцинк» ЖШС-не, қазақстандық кәсіпорындарға аса қажетті, осыған дейін шетелден сатылып алынып келген жаңа құрал-жабдықтар түрін де игеріп, өндіріп жатыр.

2007 жылдан бастап жүргізіле бастаған техникалық қайта жарақтандыру әйтсе де ауыр өндірісті біраз жеңілдетіп тастаған.

– «Қазцинкмаш» ЖШС өндірісін техникалық жарақтандыруға бағытталған жаңа бағдарлама аясында «Қазцинк» ЖШС заманауи жаңа жабдықтарды сатып алуға 54 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестиция жұмсады. Оған алдыңғы қатарлы әлемдік өндірушілерден 40-тан астам автоматтандырылған металл құятын, кесетін машиналар, озық техникалар сатылып алынды. Жаңа техникалар қазіргі стандарттық талаптарға сай аса күрделі кез келген жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді жасап, жөндеуге мүмкіндік туғызып отыр. Кәсіпорында бұрын күрделілеу деген бір құрал-жабдықты жасап шығаруға екі-үш ай кетсе, енді ол бір апта ішінде немесе санаулы сағаттарда-ақ жасалып жатыр. – деді «Қазцинкмаш» ЖШС мерейтойы күні

БАҚ өкілдерімен баспасөз мәслихатын өткізген серіктестік директоры Александр Анчугин. Қазіргі күні кәсіпорын «Қазцинк» ЖШС қажеттілігінің 70 пайызын өз өндірісінде өндіріп, жөндеп жатыр. Ең бастысы, бүгінде мұнда қазақстандық құрам аясындағы импорт алмастыру бағдарламасы бойынша 700-ден астам жаңа өнім түрі игерілген. Компанияға қажетті өнімдер, тапсырыс беруші қазақстандық өзге кәсіпорындардың тұтынып жатқан өнімдері одан әрі зерттеліп, сырттан импортталып жатқандарын осында өндіру көзделініп отыр. Осы мақсатта жасалған «Қазцинкмаш» ЖШС өндірісін қайта жарақтандыру» жобасы еліміздің үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына енгізілген.

Жауды жапырған снарядтар осында жасалған

Жаңа экономикалық саясатқа бастаған қазіргі индустрияландырудан бір ғасырдай бұрынғы 1928 жылдағы индустрияландырудың бірінші, екінші бесжылдығы тұсында Риддер жөндеу-механикалық базасында ең алғаш реет қайта жарақтандыру шаралары жүргізіліп, шеберханада электрмен дәнекерлеу, термикалық өңдеу цехы пайда болып, шойын құю қолға алыныпты. 1931 жылы Григорьев кенішіне диаметрі үш метрлік шойын тегершіктер жасап шығарылады. Осылайша цехтың қуаты үсті-үстіне арттырылып, 1940 жылдары цехта айына 100-120 тонна шойын құйылған. Шығыстағы Риддер жөндеу-механикалық базасының осы шағын ғана шойын құю цехынан шыққан құймалар 1942 жылдың 15 мамырынан бастап батысқа, майданға минометтер корпустары мен артиллерия снарядтарының гильзалары, атты әскердің қылыштары болып аттанып жатты. Майданға бұл механикалық цехтан миллиардтан астам снаряд тиеліп, жөнелтілген. Бұл арнайы цехтың техникалық жетекшісі Владимир Бухмейер өндіріс жұмысшыларымен бірге снарядтар мен минометтер қорап тарын кідіріссіз, көптеп шығару үшін күн-түн демей жұмыс істеп, цех өндірісін бір сәт те тоқтатпапты. Жұмысшылар деп отырғанымыздың барлығы дерлік әйелдер мен балалар. Өйткені, ұжымдағы еразаматтардың бәрі соғысқа кеткен болатын. Жөндеумеханикалық базасынан ҰОС-на кеткен 348 жігіттің 129-ы Риддерге, цехқа қайтадан оралған жоқ. Риддерліктермен бірге жеңісті жақындатуға тер төккен Владимир Бухмейер кейіннен 22 жыл бойы Риддер механикалық жөндеу базасын басқарды, қазір қала көшелерінің бірі Александр Бухмейердің атымен аталады.

Осындай сан қилы тағдыры, шежіреге толы бір ғасырлық тарихы бар Риддер жөндеу-механикалық базасы 1997 жылы Лениногор жөндеу-механикалық зауыты деп аталып, «Қазцинк» құрамына енді. 2004 жылы осы зауыт негізінде компанияның еншілес кәсіпорыны, бүгінгі «Қазцинкмаш» ЖШС құрылды.

**Жанаргүл Мұқатай,
Өскемен-Риддер-Өскемен.**

Назар аударыңыз, Аукцион!

«ШҚО Катонқарағай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2015 жылы 5 қарашада сағат 10.00-де www.gosreestr.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында ауданның коммуналдық мүлік объектілерін сату бойынша электрондық аукцион өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Ауданның коммуналдық мүлік объектілерін сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген, Жекешелендіру нысандарын сату қағидасына (бұдан әрі-Қағида) сәйкес өткізіледі.

Электрондық аукционға ауданның коммуналдық мүліктің мынадай объектілері қойылады:

Электрондық аукционға ауданның коммуналдық мүліктің мынадай объектілері қойылады:

Ағылшын Сауда-Саттық Әдісі бойынша:

№ 1 топтама

Kia Mohave автокөлігі, мемлекеттік нөмірі 026 AA 16, 2010 жылы шығарылған, балансұстаушысы - «Катонқарағай ауданының әкімінің Аппараты» ММ-сі. Техникалық жағдайы қанағаттанарлық. Алғашқы бағасы- 4 427 000 теңге. Старттық бағасы- 4 427 000 теңге. Кепілдік жарнасы – 664 050 теңге.

Электрондық аукционға қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілім веб-порталында алдын ала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп-айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (пошталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail);

5) ұлттық куәландырушы орталық берген ЭЦҚ-ның жарамдылығы мерзімін көрсете отырып, Тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде Тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Электрондық аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық аукционға қатысуға өтінімді осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Электрондық аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және электрондық аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Қатысушыларға кепілдік жарнаның кез келген санын енгізуге жол беріледі, бұл ретте бір кепілдік жарна қатысушыға ол бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін осы кепілдік жарнаны енгізген жекешелендіру объектісін сатып алу құқығын береді.

Кепілдік жарналарды бөлімнің депозит шотына уақытылы түсіру мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталуға дейін үш күннен кешіктірмей төлеуді ұсынамыз.

Кепілдік жарна сатушының мына есепшотына төленеді:

«Ақпараттық тіркеу орталығы» акционерлік қоғамы
БСН 050540004455. «КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ, БСК КЗКОКЗКХ, ЖСК КЗ529261501102032004, Кбе 16, КНП 171.

Төлемнің белгіленуі - аукционға қатысу үшін кепілдік жарна.

Аукционға қатысуға өтінім тіркелгеннен кейін тізілім веб-порталында үш минут ішінде өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілдік жарнаның түсуі туралы мәліметтердің тізілім дерек қорында болуы тұрғысынан автоматты түрде тексеру жүргізіледі.

Қатысушының осы Қағидаға көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ Сатушының шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталында өтінімді қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Тізілім дерек қорында сатушының шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәлімет болған жағдайда, тізілім веб-порталында өтінімді қабылдау және қатысушыны аукционға жіберу жүзеге асырылады. Тізілім дерек қорында сатушының шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда, тізілім веб-порталында

қатысушының өтінімі кері қайтарылады.

Автоматты түрдегі тексеру нәтижелері бойынша тізілім веб-порталында қатысушының өтінімінде көрсетілген электрондық мекенжайына өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілім веб-порталында берілетін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

Электрондық аукцион өткізу тәртібі:

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Ағылшын әдісі бойынша

1) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі осы Қағиданың 36-6-тармағына сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады;

2) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың біреуі осы Қағиданың 36-6-тармағына сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растайтын болса, онда бастапқы баға белгіленген қадамға артады;

3) егер ағымдағы баға артқаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісінің ағымдағы құнын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады. Жекешелендіру объектісі бойынша сауда-саттықтың ағылшын әдісі бойынша аукцион қатысушылардың біреуі ұсынған ең жоғары бағаға дейін жүргізіледі.

Жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы бағаны арттырудың кемінде екі қадамына өскен жағдайда ғана жекешелендіру объектісі бойынша сауда-саттықтың ағылшын әдісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады, бұл ретте бастапқы бағаның екі қадамға өсуін кемінде екі қатысушы жүзеге асырады.

Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша электрондық аукцион нәтижелері электрондық аукцион нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, электрондық аукцион аяқталғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде Тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Электрондық аукцион нәтижелері туралы хаттама электрондық аукцион нәтижелерін және жеңімпаз сатушының жекешелендіру объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттерін белгілейтін құжат болып табылады.

Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, 116 мекен-жайында, жеңімпазбен сатып алу-сату шартына электрондық аукцион өткізілген күннен бастап он күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Аукционның жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушыға салыстыру үшін мынадай құжаттардың:

1) жеке тұлғалар үшін: паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың;

заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не анықтаманың;

2) заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, сондай-ақ заңды тұлғаның өкілі паспорттың немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқаларын міндетті түрде көрсете отырып, олардың көшірмелерін не нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқаларын салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Аукцион өткізу туралы ақпаратты 8 (72341) 2-16-75 телефондары арқылы және www.gosreestr.kz ресми сайтынан білуге болады.

Жұттықтаймыз!

Солдатово ауылының тұрғыны Қайрақпаева Бақты Жасинқызын 70 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Туған күнің құтты болсын анашым,

Немерелер алдында сен данасың.

Қабак шытпай ұл-қызды өсірдің,

Біздер үшін абыройлы анасың.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,

Шарықтасын шаттық толы үніңіз.

Берімізге қамқор әрі пана бол,

Күндей күліп, ортамызда жүріңіз.

Ізгі тілекпен: Қайрақпаевтар әулеті, қыз-күйеубалалары, немере-жуендері және шөбересі - Тамирис.



Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Шығыс Қазақстан облысының Статистика департаменті
Катонқарағай ауданының Статистика басқармасы

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ №8 2015 жылғы «15» қазан

Статистикалық ақпараттарды өз жарияланы мдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда ҚР Статистика агенттігі ШҚО Статистика департаменті Катонқарағай ауданының статистика басқармасына сілтеме жасау міндетті.

ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2015 жылы қаңтар – қыркүйек айларында жұмыскерлерге есептелген орташа айлық жалақы 67 366 теңгені құрады, 2014 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 111,8 %.

2015 жылдың қаңтар - қыркүйек айларындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1 867,4 млн. теңге, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің 78,1%.

2015 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында бөлшек сауда-да тауар айналымының көлемі 2 432,1 млн теңге, немесе өсу қарқыны 118,8%.

Ағымдағы жылдың қаңтар –қыркүйек аралығында 2 129,4 млн. теңгенің тұтастай өнеркәсіп өнімдері өндірілді, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 1 924,1 млн.теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылғы деңгейдің 95,2% құрады. Тамақ өнімдерін өндіру 1 297,1 млн. теңге өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 94,1%.

2015 жылдың қаңтар- қыркүйек айлары аралығында ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 10 202,2 млн теңгені құрады. Нақты көлем индексі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,2 %.

Ағымдағы жылы 1911 шаршы метр тұрғын үй қолданысқа берілді, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 189,8%.

Ауданда есепті мерзім аралығында 1 978,3 млн. теңгенің құрылыс жұмыстары жүргізілді, бұл өткен жылдың салыстырмалы кезеңінде атқарылған құрылыс жұмыстарының 152,8 % құрайды.

2015 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша тіркелген шағын бизнес кәсіпорындарының саны 139 бірлікті құрады, жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны 108 бірлік, соның ішінде белсенді кәсіпорындар саны 98, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 127,3 % өскені байқалады.

Ерік Мамыров,
аудандық Статистика басқармасының басшысы.

1989 ж.ш. шөп тиегіші, қосалқы бөлшектері бар, ТЖЖ ЮМЗ-6-Л тракторы сатылады. Тел. 2-07-24.

Конурбаева Тогжанның атына 23.04.2007 жылы берілген №0334552 жер телімі актісі, №2910651 үй кітабы, 5.06.2007 ж. берілген жекешелендіру актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Үлкен Нарын ауылында 2 бөлмелі пәтер сатылады.
Мекен - жайы: Абылайхан көшесі, 110 үй.
Тел: 8-777-906-64-86.

Шабындықтан шөп сатамын. Сатып алушы өз көлігімен тасымалдауы қажет. Бағасы келісім бойынша.
Мекен-жайы: Көктерек а. тел. 87052811832; 2-08-55 (үй).

Өрел ауылының тұрғыны болған асқар таудай әкеміз МЕЙ-МЕНБАЕВ ТӨЛЕГЕН ҚҰСАЙЫНҰЛЫНЫҢ қайтыс болғанына бір жыл толуына орай сағынышпен еске аламыз.

Асыл бейнең көзден ұшып алыстаған,
Дұғамыз тие берсін бағыштаған.
Жайлы жат, топырағың торқа болсын,
Ұрпағың аман жүрсін артта қалған.

Еске алушылар: балалары.
2015 жылдың 25 қазанында сағат 12.00-де Өрел ауылында әкемізге арнап құран бағышталып, ас беріледі. Сол асқа барлық туған-туысқандарымызды, құда-жекжаттарымызды, ауылдастарымызды шақырамыз.

ЕСКЕ АЛУЛАР




Катонқарағай ауылының тумасы болған аяулы анамыз, сүйікті қызымыз, қимас туысымыз ҚОҚЫМБАЕВА БАҚЫТГҮЛ ҰӘЛИХАНҚЫЗЫН сағынышпен еске аламыз.

Үлкенге ізетті, кішіге жана-шыр, туысқа қамқор, көпшіл, жайдары, жарқын жүзді едің. Арамыздан ерте кетіп, ұл-қызыңның қызығын көре алмағаның өте өкінішті. Жарқылдаған ақ жүзің өмірбойы есімізде қалады. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын! Сенің жасамаған жасыңды, көрмеген қызықтарыңды артыңда қалған қос құлыныңа берсін!

Еске алушылар: анасы, балалары, туыстары.

2015 жылдың 24 қазанында сағат 12.00-де Катонқарағай ауылындағы қатымханада Бақыт-гүл Қоқымбаеваның қайтыс болғанына бір жыл болуына орай аруағына арналып құран бағышталып, ас беріледі. Соған барлық туған-туысқандарымызды, ауылдастарымызды, достарымызды шақырамыз.



Солоновка ауылының тұрғыны болған ардақтымыз ӘБІШЕВ ЕРЛАН НҰРҒАБЫЛҰЛЫН сағына еске аламыз.

Сай-сүйегімізді сырқыратып, көкірегімізді қақ айырып, кете бардың. Жарқын бейнең көз алдымыздан кетпейді.

Жатқан жерің жанаттың төрі болсын!

Бағышталған құран қабіріңнің нұры болсын.

Соңыңдағы балалар мен немерелер, Өшірмейді атыңды, тірі болсын!

Еске алушылар: зайыбы, балалары, немерелері.

Рыков атындағы орта мектебінің ұжымы осы мектептің психологы Болтабаева Бағияға, мектептің қамту қызметкері Шидерина Гаухарға

аяулы анасының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры Н.Қ. Қуантаев

Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті бас редакторының м.а. Шамиль Багаутдинов

Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина
Газет нөмірі бойынша кезекші:
Жанар Қасымханова

Телефондар:
Директор-редактор - 8(723-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет “Шығыс - Ақпарат” ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. **Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1665, «Луч»-1270. № 5768